



Айтыс түрлері. «Біржан-Сара» айтысы

Айтыс – халық ауыз әдебиетінің ең мол да ерекше саласы. Айтыс жанры қазақ ауыз әдебиетінде сапасы жағынан да, саны жағынан да ерекше орын алады. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде айтыстың бірнеше түрі бар:

1. Бәдік айтысы.
2. Жар-жар.
3. Жануар мен адамның айтысы.
4. Өлі мен тірінің айтысы
5. Жұмбақ айтысы.
6. Салт айтысы: 1) қыз бен жігіт айтысы; 2) ақындар айтысы.
7. Осы күнгі айтыстар.

Бәдік айтысы – айтыстың ең көне түрі. Ерте заманда адамдар мал ауруының да, адам дертінің де иесі бар деп ойлап, сол дерттен құтылу жолын іздеген. Ескі наным-сенімге байланысты дерттен құтылудың жолы – **үшкіру, шақыру** деп есептеген. Түрлі аурумен ауырған малды «бәдік» арқылы үркіту үшін кешқұрым ауыл жастары жиналып, кеш өткізген, өлең сөзбен малға келген індетті көшіруге әрекеттенген. Келе-келе айтыстың бұл түрі жастардың әзіл-қалжың ойын айтысына, сауық кешіне айналды.

Айтыстың көнеден келе жатқан тағы бір түрі – **жар-жар** ұзату тойы үстінде **екі** мақсатпен: 1) **ұзатылып бара жатқан қыздың мұң-зары түрінде**; 2) **ұзатылатын қызды жұбату сарынында айтылған**. Жар-жар айтысының негізгі көркемдік тәсілі – **психологиялық параллелизм** – екі құбылыстың ұқсас жақтарын параллель етіп қою.

Қазақ халқының өмірінен, тұрмыс-тіршілігінен төрт түлік мал ерекше орын алған. Төрт түліктің адам өміріндегі маңызы халық ауыз әдебиетіндегі айтыс жанрының бір түрі **жануарлар мен адамның айтысында** көрсетілген.

Иесі:

Шолақ сиыр, көзіңді ояйын ба?

Биылғы жыл соғымға сояйын ба?

Биылғы жыл соғымға сойып алып,

Танабайға жаяңды қояйын ба?

Сиыр:

Шиыршықтап қыл арқан ескеніңде,

Қу шолақты соялық дескеніңде,

Қу шолақты соғымға сойып алып,

Бүржекейден көремін көшкеніңді.

Төрт түліктің бірі **сиыр** мен **иесінің** айтысында **адамның тұрмыс-тіршілігінің төрт түлікпен тығыз байланысты** екені баяндалған.

Айтыстардың ішінде ерекше орын алатын түрі – **жұмбақ айтысы**. Бәдік, жар-жар, жануарлар мен адамның айтысына қарағанда жұмбақ айтысы **адамның сана-сезімінің,**

таным-түсінігінің даму, өсу, табиғаттың әр түрлі құбылыстарын танып-білу кезінде туған. Жұмбақ айтысына «Сапарғали мен Нұржан», «Әсет пен Ырысжан», «Қожахмет пен Әубәкір» айтыстары жатады.

Айтыс жанрының ең көлемді де көркем түрі – **салт айтысы**. Салт айтысы **XIX ғасырда** кең түрде дамыған. Осы кезеңде өмір сүрген **Шөже, Балта, Орынбай, Кемпірбай, Тезекбай, Сүйінбай, Түбек, Омарқұл, Тәбия, Мұрат, Сүгір, Жаскілең, Біржан, Сара** сияқты айтыс өкілдері сөз таластырып, айтысқа түскен. Салт айтысы **екіге** бөлінеді: 1) **қыз бен жігіт айтысы**; 2) **ақындар айтысы**.

Қыз бен жігіт айтысы той-думанда, үлкен жиында айтылған. Айтыс қыз бен жігіттің арасындағы әзіл-қалжыңға құрылған. Қыз бен жігіт айтысына «**Омарқұл мен Тәбияның**», «**Біржан мен Сараның**», «**Жамбыл мен Салиханың**», «**Кенен мен Ләтипаның**», «**Сүйінбай мен Күнбаланың**» айтыстары жатады.

Салт айтысының ерекше түрі – **ақындар айтысы**. Ақындар айтысының маңызын **академик-жазушы М.Әуезов: «Айтыс - сөз барымтасы»** деген сөзбен ерекше бағалаған. Ақындар айтысына «**Сүйінбай мен Тезектің**», «**Құлмамбет пен Түбектің**», «**Шөже мен Балтаның**», «**Шөже мен Кемпірбайдың**», «**Шөже мен Орынбайдың**», «**Жанақ пен Шөженің**», «**Біржан мен Сараның**» айтыстары жатады.

Ақындар әр уақытта халыққа арқа сүйеген, себебі айтыс ақындары халықтың сөзін сөйлеген, елдің мұң-мүддесін жоқтаған. Елге, халыққа арқа сүйеген ақындар өз ойын ашық айта білген, сол кезеңдегі үстем тап өкілдерінің іс-әрекеттерін батыл әшкерелеген. Мысалы, айтыс ақыны Шөже Қаржаубайұлының көзі соқыр болған екен. Соны айтысқа түскен ақындар бетіне баса берген. «**Шөже мен Балта**» айтысында үстем тап өкілдерінің сөзін сөйлеп отырған Балтаға Шөже:

Кем-кетік толып жатыр таз бен соқыр,

Жемтік молда алдияр құран оқыр, –

дей келе:

Соқыр-соқыр дейсің де еш тынбайсың,

Соқыр десең құтылсаңшы Құнанбайдан, –

деп, **Құнанбайдың соқырлығын, Алшынбайдың таздығын** өлтіре сынайды.

Айтыстың **мәні** мен **маңызы** туралы С.Мұқанов: «**Айтыс - ат бәйгесімен пара-пар**», – деп ерекше бағалаған.

Қазақ халқының ақындар айтысының ішіндегі ең үздігі – «**Біржан мен Сара**» айтысы. «Біржан – Сара» айтысы айтыстың екі түрін де: **қыз бен жігіт айтысын да, ақындар айтысын** да қамтиды. Айтыс ақындары **Біржан** да, **Сара** да тарихтан белгілі, көпке мәлім адамдар болған.

Сара Тастанбекқызы – Жетісу өңірінен шыққан, **әнші, ақын, күйші, сауықшыл** қауым ортасында өскен, жастайынан домбыра алып, ән салып, «**домбыра ап он үшін сөз сөйлеген**» талант иесі болған. **Сара Тастанбекқызы** – талай ақындармен сөз жарысына түсіп, оза шауып бәйге алған ерен жүйрік ақын. Бұл туралы Сараның:

Белгілі қанша жұртқа атым – Сара,

Ішінен ер Қаптағай шықтым дара.

Домбыра ап он үшімнен сөз сөйледім,

Келемін бір сүрінбей жеке-дара, –

деген сөзінен көруге болады.

Біржан сал Қожағұлұлы – Көкшетау өңірінде туып-өскен, **Ақан, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Естай** сияқты өнерпаздарды тәрбиелеп шығарған танымал тұлға. **Біржан** – қазақ халқының кемеңгер, үздік әнші, ақыны. Ол **ұлы Абаймен** кездескен, пікірлес, сыйлас болған. Біржан Сарамен айтысында Абайды пір тұта, мақтан ете сөйлеген. **Біржанның Сарамен айтысы** бүкіл халық игілігі, халықтың сүйіп тыңдайтын өлеңі болған. **Біржан Жетісу өңіріне** аты шыққан ақын **Сараны арнайы іздеп келіп** айтысқан.

Бұл үйде Сара бар ма шықсын бері,

Ауылында Тұрысбектің өлер жері, –

деген Біржан сөзінен айтыстың Тұрысбек ауылында өткенін көруге болады. Өнері мен ақындығы жағынан Біржанға тең түскен Сараның осал жері **ұзатылатын күйеуінің кемтарлығы** еді. Біржан да Сараны осы жерден сүріндіреді. Сара ол туралы:

Арғынға дес бермеген есіл тілім,

Келгенде Жиенқұлға шықпайды үнім, –

деп, жеңілгенін мойындаған. Сара күйеуінің кемтарлығын

Көрінсін Біржан салға ай секілді,

Ақ құйрық көңіл ашар шай секілді

Ұсынса, қол жетпейтін арғымағым,

Біржанға баламаймын тай секілді...

деп, **ирония мен сарказмды** шебер пайдалана отырып тілге тиек еткен.

Айтыста екі ақын да өздерінің сөз шеберлері екенін көрсете білген. Өздерін таныстыру барысында: «Қырандай желді күнгі аспандаймын», «Мойыным сұңғағындай жүзген қудың», «Лебізім шырынындай шәрбат судың», «Тамағым жас баланың білегіндей», т.б. **теңеулер** мен «Ақиық мұзбалақпын жерге түспес», «Найманда екі жүзді наркескенмін», «Ұшырған тәрбиелеп ақ түйғынмын», т.б. **метафораларды** тиімді қолданған.

«**Біржан мен Сара**» айтысының **тақырыбы – әйел теңдігі, қазақ әйелдерінің бас бостандығы**. Осы тақырыпты **батыл көтерген Біржан Сараның басына бостандық** алып береді.

«**Біржан – Сара**» айтысы **құрылысы** жағынан да, **түрі** мен мазмұны жағынан да **салт айтысының ең биік шыңы** болып табылады.

Осы күнгі айтыстар жаңа заманға лайық сөз саптауымен, тақырыптық жаңалығымен, жарасымды әзіл-қалжыңмен ерекшеленеді. Осы күнгі **айтыскер** ақындар: **Балғынбек Имашев, Мұхамеджан Тазабеков, Мэлс Қосымбаев, Айнұр Тұрсынбаева, Дәулеткерей Кәпұлы, Ринат Зайытов, Ақмарал Леубаева, Сара Тоқтасынова**, т.б.